

**Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МҚК қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау**  
**ХАТТАМАСЫ**

**Астана қаласы**

**2024 жылғы 10 маусым**

**Төрағалық етуші:**

Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МҚК (бұдан әрі – Кәсіпорын) басшысының әкімшілік-каржылық мәселелер және техникалық қолдау жөніндегі орынбасары – Темешбеков А.А.

**Қатысқандар:**

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТІТ) жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері.

**Күн тәртібі:**

1. Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау.

**Қарастырылған мәселе бойынша Кәсіпорынның комплаенс-офицері Абуев Н.Б. сөз сөйлемді:**

2024 жылғы 02 мамыр мен 14 маусым аралығында жұмыс тобы Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. Ишкі талдау екі бағыт бойынша жүргізілді:

1) Кәсіпорын қызметін қамтитын нормативтік құқықтық актілердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» № 4 УББ жобаларын орындау бойынша нұсқаулыққа сәйкес, СЖТІТ нәтижелерін жария талқылауды жүргізу қажет. Қоғамдық талқылауға барлық мұдделі тұлғалар қатыса алады.

2024 жылғы 03 маусымда Кәсіпорынның ресми сайтында СЖТІТ

нәтижелерін жария талқылауды бастау туралы ақпарат орналастырылды.

Бұл ретте жүртшылық, сондай-ақ басқа да азаматтар тарапынан ішкі талдау мен Кәсіпорын қызметіне қатысты ұсыныстар түспегенін атап өту қажет.

Ішкі талдау жүргізу нәтижесінде кейбір тәуекелдер анықталды, оларды жою және сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес келтіру қажет.

**СЖТІТ:**

- обьективтілік;
- сенімділік;
- ашықтық;
- жан-жактылық қағидаттарына сай жүргізілді.

СЖТІТ нәтижелері бойынша жұмыс тобы тарапынан аналитикалық мәлімет дайындалып, анықталған сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар талқыланды.

Аналитикалық мәліметте көрсетілген ақпарат сенімді және күмән туғызбайды. Мәліметте анықталған сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар бар. Кәсіпорын қызметіндегі сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды жүргізу рәсімі ережебұзусыз өткізілді.

### **Жұмыс тобының басшысы:**


Басшының әкімшілік-қаржы мәселелері және техникалық қолдау жөніндегі орынбасары



Темешбеков А.А.

### **СЖТІТ жүргізу бойынша жұмыс тобының мүшелері:**

Әкімшілік-қаржы департаментінің директоры



Тлегенов Б.У.

Бас бухгалтер



Есадаuletова Ж.И.

Комплаенс-офицер



Абуев Н.Б.